

МАҚҰЛДАНДЫ
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
Директорлар кеңесімен
2007 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 22 хаттама

БЕКІТІЛДІ
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
акционерлерінің
2008 жылғы 23 қаңтардағы
жалпы жиналысымен

2018 жылғы 22 қаңтарындағы
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
Акционерлерінің жалпы
жиналысындағы
өзгертулермен

Оларды Қоғамның сатып алуы кезінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларының құнын айқындаудың әдістемесі

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Әдістеме (бұдан әрі - «Әдістеме») «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – «Заң») мен «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») Жарғысына сәйкес әзірленді және оларды Қоғамның сатып алуы кезінде Қоғам акцияларының құнын айқындаудың әдістерін белгілейді.
2. Осы Әдістемеді мынадай ұғымдар пайдаланылады:
 - Акция** – Қоғамның қарапайым және басымдықты акцияларын, сондай-ақ аталған депозитарлық қолхаттың негізгі активі болып табылатын Қоғам акцияларының белгілі бір санына меншіктік құқықты растайтын депозитарлық қолхаттарды орналастыру;
 - Брокер** – клиенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүдделерінде эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржылық құралдармен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы;
 - ҚЕХС** – қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары;
 - Сауда-саттықтарды ұйымдастырушылар** – қаржы биржасы мен бағалы қағаздардың биржалық рыногынан тысқары баға кесуші ұйым;
 - Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы** – эмиссиялық бағалы қағаздар мен олармен мәмілелер сауда-саттықтарды ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын өзге де қаржылық құралдардың айналым аясы;
 - Бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногы** – бағалы қағаздармен мәмілелер сауда-саттықтарды ұйымдастырушының ішкі құжаттарымен белгіленген талаптар сақталмастан жүзеге асырылатын бағалы қағаздардың айналым аясы.
3. Осы Әдістеме оларды кейін сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда, не Заңмен белгіленген жағдайларда Қоғам акционерінің талап етуі бойынша Қоғамның бастамашылығымен оларды сатып алу кезінде Акциялардың құнын айқындау үшін қолданылады.
4. Қоғамның Акцияларды сатып алуы жөніндегі ереже мен шектеулер Заңға сәйкес айқындалады.
5. Қоғамның Акцияларды сатып алуы, егер Заңмен және/немесе Қоғамның Жарғысымен өзгедей белгіленбесе, Директорлар кеңесі шешімінің негізінде жүргізіледі және акционер

мен Қоғамның немесе Қоғам брокерінің арасында Акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін жасау жолымен жүзеге асырылады.

6. Заңмен белгіленген жағдайларда Қоғам акционерінің талап етуі бойынша Акцияларды сатып алу, сатып алу туралы нақты және бір жақты талап етуді, акционер сатып алуды ұсынған Акциялардың саны мен түрін көрсетуді, сондай-ақ акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондарын қамтуы тиіс акционердің жазбаша өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.
7. Қоғам акционерлерінің осы Әдістемемен танысуға құқығы бар.

АКЦИЯЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

8. «Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған басымдықты акцияларды Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу Қоғамның басымдықты акциялары айналымда тұрған Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша іске асырылады.

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған Қоғамның қарапайым акциялары мен депозитарлық қолхаттарды Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу Қоғамның қарапайым акциялары мен депозитарлық қолхаттары айналымда тұрған Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша, не қарапайым акциялар мен депозитарлық қолхаттардың нарықтық құнының, Қоғамның жеке капиталы мөлшерінің, Қоғамның даму жоспарына сәйкес олардың өзгеру келешегінің және өзге де факторлардың есебімен директорлар кеңесі белгілеген баға бойынша іске асырылады».

9. Қоғамның бастамашылығы бойынша Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында айналымда емес Акцияларды сатып алу Қоғамның Директорлар кеңесі Акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдағанға дейінгі 30 күнтізбелік күн бұрынғы күнге тәуелсіз бағалаушы белгілеген баға бойынша акционердің келісімімен жүргізілуі мүмкін.
10. Қоғам акционерінің талап етуі бойынша Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында айналымдағы Акцияларды сатып алу акционердің өзіне тиесілі Акцияларды сатып алу туралы өтініші Қоғамның кеңсесінде тіркелген күні (егер бұл күні мәмілелер жасалмаса, Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногындағы тиісті Акциялармен мәмілелер жасалған одан кейінгі бірінші күні), алынған сомадан 10% мөлшерінде жеңілдік шегеріле отырып Акциялар айналымындағы Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан орташа өлшемді баға бойынша жүзеге асырылады.

Акциялардың орташа өлшемді бағасын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі.

$C = V / A$, мұнда:

C – Акциялардың акционердің өтініші тіркелген күнгі орташа өлшемді бағасы;

V – акционердің өтініші тіркелген күнге аталған Акциялар бойынша ақшадай тұрғыдағы мәміленің көлемі (көрсетілген кезеңдегі акциялар айналымдағы Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногындағы Акциялармен барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді жиынтықтау жолымен есептеледі);

A – акционердің өтініші тіркелген күнге жасалған мәмілелердегі Акциялардың саны (көрсетілген кезеңдегі Акциялар айналымдағы Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногындағы Акциялармен барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді жиынтықтау жолымен есептеледі).

11. Қоғам акционерінің талап етуі бойынша Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында айналымда емес Акцияларды сатып алу Қоғамның даму перспективалары мен Бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногындағы Акцияларға деген сұраныс пен ұсыныстарды қоса алғанда бағалы қағаздардың баға құрылымына әсер ететін өзге де

факторлар ескеріле отырып түзетілген Акциялардың баланстық құны бойынша жүзеге асырылады.

Акциялардың баланстық құнын есептеу акционердің өзіне тиесілі Акцияларды сатып алу туралы өтініші Қоғамның кеңсесінде тіркелген күнге ҚЕХС-қа сәйкес жасалған Қоғамның соңғы топтастырылған қаржылық есебінің негізінде жүргізіледі және мынадай формула бойынша есептеледі

$P = E / Q$, мұнда:

P – Акциялардың баланстық құны;

E – Қоғамның жеке капиталының есеп жасалған күнге баланстық құны;

Q – есеп жасалған тиісті күнге орналастырылған және айналымдағы Акциялардың жалпы саны (депозитарлық қолхаттардың бір акцияға тиісті ара қатынасы есептеле отырып).